

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

---

"KASE клиринг орталығы" АҚ-мен

2023 жылдың 19 шілдесінде

**келісілді**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен

(2023 жылдың 26 шілдесіндегі  
№ 18 отырыс хаттамасы)

**бекітілді**

2023 жылдың 27 шілдесінен бастап

**қолданысқа енгізілді**

Клирингтік және есеп айырысу қызметі  
және орталық контрагент қызметі бойынша  
функционалды "Қазақстан қор биржасы" АҚ-  
нан "KASE клиринг орталығы" АҚ-на беру

**ТӘРТІБІ**

---

---

Алматы қ.

2023

## **ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ**

### **1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:**

- 2023 жылдың 13 қыркүйегінде "KASE клиринг орталығы" АҚ-мен келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді (2023 жылдың 20 қыркүйегіндегі № 26 отырыс хаттамасы);
- 2023 жылдың 20 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Тәртіп "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 29 қазанындағы № 254 қаулысымен бекітілген Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелеріне, "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) жарғысына және ішкі құжаттарына (бұдан әрі – ІҚ), "KASE клиринг орталығы" АҚ (бұдан әрі – Клиринг орталығы) жарғысы мен ІҚ-на сәйкес әзірленді және Биржаның клирингілік және есеп айырысу қызметі және орталық контрагенттің қор нарығындағы қызметі бойынша функционалды Клиринг орталығына беру шарттары мен тәртібін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасында, Биржаның ІҚ-да көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар пайдаланылады:
  - 1) **жеке шот** – Биржаның Орталық депозитарийдегі жеке шоты;
  - 2) **позиция** – клирингілік қатысушыда қаржы құралдарымен мәміле (мәмілелер) жасасу нәтижесінде Биржаға қатысты туындаған және клирингілік қатысушының клирингілік шотында ескерілетін міндеттеме және/немесе талап;
  - 3) **Биржаның Клирингілік ережелері** – Биржаның "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережесі" атты ІҚ;
  - 4) **Клиринг орталығының Клирингілік ережелері** – Клиринг орталығының "Қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері" атты ІҚ;
  - 5) **Орталық депозитарий** – "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ.
2. Биржа Клиринг орталығына:
  - 1) ASTS+ қор нарығының сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттарды;
  - 2) қор нарығының қатысушыларына Биржаның ішкі есеп жүйесінде ашылған есеп шоттарды;
  - 3) клирингілік қатысушылардың қор нарығы бойынша позицияларды;
  - 4) клирингілік қатысушылардың қосалқы шоттарының "KASE", "РЕПО" және "GC Global" бөлімдерінде есептелген қаржы құралдарына билік ету құқығын береді.
3. Биржа клирингілік қатысушылардың өкімдері негізінде Клиринг орталығының корреспонденттік шотына:
  - 1) қор нарығының клирингілік қатысушыларының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және қаржы құралдарымен мәмілелерді қамтамасыз ету үшін Биржаның корреспонденттік шотында ескерілетін ақшаны;
  - 2) қор нарығының клирингілік қатысушыларының Биржаның корреспонденттік шотында ескерілетін кепілдік жарналарын аударады.
4. Осы Тәртіптің 2 тармағында көрсетілген беру және аудару:
  - 1) Клиринг орталығы KASE қор нарығында жасалған мәмілелер бойынша клирингілік қызметті жүзеге асыруды бастау күнінің алдындағы жұмыс күні қор нарығында клиринг және есеп айырысу аяқталғаннан кейін (бұдан әрі – позицияларды беру күні).
  - 2) осы Тәртіпке сәйкес және Клиринг орталығы мен клирингілік қатысушылар арасында жасалған тиісті келісім-шарттардың негізінде жүзеге асырылады.
5. Клирингілік орталық активтерді беру күніне дейін клирингілік қатысушылармен клирингілік қызмет көрсету туралы келісім-шарттар жасасуды қамтамасыз етеді, оған Биржадан келіп түсетін және клирингілік қызметті жүзеге асыру, клирингілік қатысушыларды бақылау мен мониторингтеу үшін қажетті мәліметтерді өңдеуге олардың келісімдері кіреді. Клиринг

орталығының Биржаның қор нарығы бойынша клирингілік қызметті орындауды бастау күні осындай келісім-шарттардың қолданылуы басталған күн болуға тиіс.

6. Клиринг орталығы Биржаға позицияларды берудің болжамды күні туралы ол басталғанға дейін 15 жұмыс күні бұрын хабарлайды. Биржа клирингілік қатысушыларды позицияларды беру күні туралы ол басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын электрондық пошта арқылы жіберілген ресми хатпен және қор нарығының сауда-саттық жүйесіндегі тиісті ақпараттық хабарламамен хабардар етеді.
7. Биржа позицияларды берген күні, сауда-саттық жабылғаннан кейін:
  - 1) бұрын "қор нарығының клирингілік қатысушысы" мәртебесі берілген Биржаның барлық мүшелерін осы мәртебеден айырады;
  - 2) клирингілік қызмет көрсетуге қабылданғандар тізімінен қор нарығының барлық қаржы құралдарын алып тастайды;
  - 3) клирингілік қатысу сертификаттарының барлық шығарылымдарын өтейді.
- 7-1. Активтерді беру күні Биржа Орталық депозитарийдегі жеке шотты жабады ([осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 20 қыркүйегіндегі шешімімен енгізілді](#)).

## 2 тарау. ПОЗИЦИЯЛАР МЕН АҚШАНЫ БЕРУ ТӘРТІБІ

8. Клирингілік қатысушы позициялар берілген күннен бастап сағат 12:00-ден кешіктірмей Биржаға осы Тәртіпке 1 қосымшаның нысаны бойынша жасалған өкімді беруге міндетті.
9. Егер клирингілік қатысушы көрсетілген мерзімде өкім бермеген жағдайда, Биржа оны позициялар берілген күні сауда-саттықтан шеттетеді және сол күні орындалмаған талаптар мен міндеттемелерге қатысты Биржаның Клирингілік ережелерінің нормаларына сәйкес позицияларды жою процедураларын жүргізеді.
10. Осы Тәртіптің 8 тармағында көрсетілген клирингілік қатысушының өкімдері негізінде Биржа клирингілік қатысушының клирингілік кепілдік қорының позицияларын, ақшасын және мөлшерін позицияларды беру күнінің соңындағы жағдай бойынша тіркеуді және салыстыруды жүргізеді.
11. 10 тармаққа сәйкес тіркеуден және салыстырудан кейін Биржа сауда-саттық және клирингілік процедуралар аяқталғаннан кейін позицияларды беру күні, сондай-ақ сауда-саттыққа қатысушының өкіміне қатаң сәйкестікте Клиринг орталығына:
  - 1) ASTS+ қор нарығының сауда-клирингілік жүйесіндегі клирингілік шоттарды;
  - 2) қор нарығының қатысушыларына Биржаның ішкі есеп жүйесінде ашылған есеп шоттары;
  - 3) клирингілік қатысушылардың қор нарығы бойынша позицияларды береді;
  - 4) қор нарығының клирингілік қатысушыларының міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және қаржы құралдарымен мәмілелерді қамтамасыз ету үшін Биржаның корреспонденттік шотында ескерілетін ақшаны аударады;
  - 5) қор нарығының клирингілік кепілдік қорларына енгізілген ақшаны аударады.
12. Осы Тәртіптің 11 тармағының 1)-3) тармақшаларында көрсетілген іс-әрекеттер Клиринг орталығы мен Биржа арасындағы өткізіп-қабылдау актісімен рәсімделеді.

### **3 тарау. БИРЖАНЫҢ ОРТАЛЫҚ ДЕПОЗИТАРИЙДЕГІ ЖЕКЕ ШОТЫН БЕРУ**

13. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 20 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталды).*
14. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 20 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталды).*
15. *(Осы тармақ Биржаның Директорлар кеңесінің 2023 жылдың 20 қыркүйегіндегі шешімімен алынып тасталды).*

### **4 тарау. КЛИРИНГІЛІК ҚАТЫСУ СЕРТИФИКАТТАРЫН ӨТЕУ**

16. Клирингілік қатысушылар позицияларды беру күніне дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей КҚС-мен мәмілелер бойынша барлық ашық позицияларды жабуға және қаржы құралдарын мүлтікпұлдың шотынан өзінің сауда-саттық шотына аударуға міндетті.
17. Клирингілік қатысу сертификаттарын өтеу Биржаның "Клирингілік қатысу сертификаттарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу жөніндегі нұсқаулық" ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
18. Биржа позициялар берілген күннен кейінгі жұмыс күні Орталық депозитарийге Биржаның бұрын шығарған барлық клирингілік қатысу сертификаттарының күшін жою туралы хабарлама жібереді.

### **5 тарау. ЖЕКЕ ШОТТАРДЫҢ "KASE", "РЕПО" ЖӘНЕ "GCGlobal" БӨЛІМДЕРІНЕ БИЛІК ЕТУ ҚҰҚЫҚТАРЫН БЕРУ**

19. Жеке шоттардың "KASE", "РЕПО" және "GC Global" бөлімдеріне билік ету құқығын беру Орталық депозитарийдің, Клиринг орталығының және Биржаның ішкі құжаттарының негізінде позициялар берілген күннен кейінгі күні жүзеге асырылады.

### **6 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР**

21. Осы Тәртіппен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына, Биржаның жарғысына, оның ІҚ-на, сондай-ақ белгіленген тәртіппен олардың құзыреті шегінде қабылданған Биржаның органдары мен лауазымды тұлғаларының шешімдеріне сәйкес шешіледі.

Басқарма төрайымы

А. Ө. Алдамберген

Клирингілік және есеп айырысу қызметі және орталық контрагент қызметі бойынша функционалды "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан "KASE клиринг орталығы" АҚ-на беру тәртібіне

1 қосымша

## Ақшаны, міндеттемелер мен талаптарды беруге

### Ө К І М

Осымен \_\_\_\_\_ (клирингілік қатысушының толық атауы) "Қазақстан қор биржасы" АҚ-на:

"KASE клиринг орталығы" АҚ-не:

қаржы құралдарымен мәміле (мәмілелер) жасасу нәтижесінде клирингілік қатысушыда Биржаға қатысты туындаған және клирингілік қатысушының клирингілік шотында ескерілетін міндеттемелерді және/немесе талаптарды;

"Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ғы "KASE клиринг орталығы" АҚ-ның корреспонденттік шотына:

1. міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету және қаржы қор нарығының клирингілік қатысушыларының құралдарымен мәмілелерді қамтамасыз ету үшін Биржаның "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ-ғы корреспонденттік шотындағы ақшаны;
2. Биржаның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шотындағы қор нарығының кепілдік берілген клирингілік қорларына жарналар болып табылатын ақшаны аударуды.

Беру мен аударуды қор нарығындағы орталық контрагенттің қызметін Биржаның соңғы күні жүзеге асыратын жұмыс күнінің соңында жүзеге асыруды.

Биржаның қор нарығындағы орталық контрагенттің қызметін соңғы күні жүзеге асыратын жұмыс күнінің соңында Биржа анықтаған мөлшерде ақшаны, міндеттемелерді және талаптарды беруді тапсырады.

Осы өкімге қол қойып, \_\_\_\_\_ (клирингілік қатысушының толық атауы) Биржаның Клиринг Орталығына оның позицияларына, оның Биржада жасаған мәмілелеріне қатысты коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәмілелерді құрайтын ақпаратты, сондай-ақ Клиринг орталығына осы өкімді орындау үшін қажетті өзге де ақпаратты ашуға өзінің келісімін растайды, сондай-ақ Клирингілік және есеп айырысу қызметі және орталық контрагент қызметі бойынша функционалды "Қазақстан қор биржасы" АҚ-нан "KASE клиринг орталығы" АҚ-на беру тәртібімен орталық танысқанын, онымен келісетінін растайды және Тәртіп шарттарын толық көлемде орындауға міндеттенеді.

[Бірінші басшының лауазымы]

[қолы]

[тегі, аты-жөні]

Орындаушы: \_\_\_\_\_ (Аты-жөні) \_\_\_\_\_ (тел.)